

ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУДА ТАРИХИ ДАТАЛАРДЫ ЕСТЕ САҚТАУ ЖОЛДАРЫНЫң ӘДІСТЕРИ

**Қылышбекова Б.К.
Ғылыми жетекші – Отегенова Б.М.**

Аннотация. В статье приведены приемы запоминания исторических дат при изучении истории, авторы объединяют психологические и педагогические приемы с применением запоминания исторических дат, предлагают новую методику ввести в обучение.

Abstract. Methods of memorizing historical dates when teaching history. Integrates the psychological methods with the methods of memorizing historical dates propose a new technique, to make a reception learning.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасында: «Жоғары білімді дамытудың негізігі үрдісі мамандар даярлау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысы, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады» – деп көрсетілгендей, қазіргі білім беру саласындағы басты мәселе әлеуметтік-педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына, жаңалық енгізуін тиімді жаңа әдістерін іздеңдері мен оларды жүзеге асыру қажет.[1] Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев отандық білім жүйесін бәсекеге бейімдеп құру жөнінде нақты тапсырма беріп, ұлтың өресі білім нәрімен сүсінданғанда ғана өсетінін, білім сапасын халықаралық дәрежеге көтеру мен әлемдік білім тайталасында дамыған мемлекеттермен деңгейлес болу мәселесін үнемі ескертеді. Тарихи даталарды еске сақтау тарих пәнінде өте күрделі мәселелердің бірі. Оқушыларға тарихи даталарды ұғынықты және ұзақ есте сақтау үшін тарих пәнінің мұғалімдері бірнеше әдістер мен тәсілдерді колдану қажет. Тарих пәнін оқытудың әдістамасында тарихи даталарды есте сақтау әдістері теориялық тұрғыдан да, практикада елі күнге дейін зерттелмеген. Тарихи даталарды есте сақтау оқушы үшін күрделі, нәтижесінде тарих пәніне деген қызығушылық төмендеп кетуі мүмкін, сондықтан да, тарихи даталардың оқушылар есінде сақталуының тиімді жолдарын ұсыну қажет.

Тарих пәнінде тарихи датаны есте сақтау жолдарын психологиялық-педагогикалық салалармен байланыстырып төрт түрлі әдіс арқылы есте сақтауға болады деп зерттеу барысында айқындалды. Төрт түрлі әдіс жолын таңдай отырып олардың жүзеге асыру тәсілдерін көрсетілді.

Оларға: 1. Мнемотехникалық әдіс. а) Графикалық тәсілі в) Карталы ес немесе Mind Map (кілттік сөз арқылы есте сақтау) 2. Салыстыру әдісі. а) Математикалық бірізділік в) Математикалық есептеу әдісі. г) Анықталған әдіс. 3. Эйдетикалық әдіс (Методы эйдетики) а) Ой кескіні (Метод Мысленной прорисовки) в) Көру кескіні (Метод “Зрительной прорисовки) 4. Тиімді қайталау (Эффективные повторение) а) Ойлау арқылы қайталау әдісі (мысленное повторение) в) Рационалды қайталау (И.А.Корсаковтың әдісі бойынша) Тарихи даталарды есте сақтау техникасы тәсілдердің ішіндегі күрделісі, яғни ақпарат сөзден құралса оның салын есте ұстау қажет. [2] Тарихи даталарды үш негізгі топқа бөліп қарастыруға болады. Бірінші топқа тарихи даталар, тек жылдардан тұратын бөлімі, екінші бөлімге – басқару мерзімдері (хандардың, патшалардың, президенттердің ел билеген жылдары) Үшінші бөлімге – сандар, айлар мен жылдар. Енді атаптаған әдістерге жеке-жеке тоқталып, колдану аясын нақтырақ түсіндірсек:

МНЕМОТЕХНИКА (немесе мнемоника) – грек тілінен аударғанда mnemonikon – есте сақтаудың өнері, есте сақтауды жақсартып, жасанды ассоциациялар арқылы есте сақтаудың көлемін ұлғайтуға арналған тәсілдер мен амалдардың жиынтығы. Мнемотехника екі мындан астам жылдан бері белгілі. Мнемоника үлкен көлемді мазмұнды ақпаратты есте сақтау құралы ретінде пайдаланылды.

Мнемотехниканың құпиясы неде? Мнемотехника мидың бейнелер тілімен қатынас жасауға мүмкіндік беретін бағдарлама болып табылады. Осыған байланысты мнемотехниканың құпиясы барлығына белгілі – ассоциация, яғни бірнеше бейнелердің өзара байланысы. Бір бейнені есінізге түсірсөніз, сонымен байланысты өзге де бейнелерді есінізге түсірсіз.

Мнемотехниканы қолдану аясы кең, себебі нақты және жүйелі мәліметтер мен ақпаратты құнделікті есте сақтау керек. Арнайы әдістерді қолданағанда ғана құнделікті жоспарды есте сақтауға болады, ең маңыздысы, еске түсіргендег бұл әдістер өте маңызды. Мнемотехниканың екі түрін бөліп көрсетуге болады.

- ✓ Тарихи даталарды есте сақтаудың графикалық тәсілі
- ✓ «Карталы ес» немесе Mind Map тәсілі

a) Тарихи даталарды есте сақтаудың графикалық әдісі

Бұл әдістің мазмұны датаны бейнелеуден тұрады. Өздеріңіз білетіндей, сандар әр түрлі заттарды бейнелейді. Екінші жағынан, фантазиясы жақсы дамыған адамдар кез келген бейнелдерден әр түрлі сандардың суреттерін көре алады. Тарихи даталарды еске сақтаған кезде, тақырыптағы әр түрлі заттар мен даталарды байланыстырытандай бейнелерді іздеу керек. Басқа сөзбен айтқанда, сізге сандарды суреттейтін ашық хат жасау керек, бірақ хатта керекті датаны көре алатында сурет салу керек. *Мысалы:* 1802 жылы Сырым Датұлының Хиуа хандығына өтіп қаза болып көтерілістің аяқталуы. 1802 жылды графикалық әдіс арқылы қалай есте сақтаймыз. Ол үшін 8, 0, 2, сандарына ұқсас бейнені таңдаймыз. Мысалға кемені алайық кеме ортасында труба болады екі бір-біріне қараған соны 8 саны деп аламыз ал 0 санын кемениң бағыты деп бейнелейміз, 7 санын теңіздің толқыны деп алғып 802 санын бейнелеп шығаймыз.

2. «Карталы ес» немесе Mind Map – бұл қағаздағы немесе карта көрсетілген жазуларды кілт сөздер арқылы датаны есте сақтау: Тесттік тапсырмаларды орындағанда жылдарды есте сақтау үшін сөйлемнің бір кілт сезін тауып сол арқылы есте сақтау. Сондықтан карталы ес – кілт сезідер арқылы сақталатын біздің ойлауымыздың, ішкі сезідеріміздің сипаты.

Біздің миымыз сезідер тізбегін мәтіннен немесе ауызша қабылдаған кезде, сезідерді құрамдарына қарай, өз тіліне аударып отырады. Біздің басымызда ақпарат тізім арқылы емес, кеңістікте орын тапқан «семантикалық құрамдар» болып сақталады. «Семантикалық құрамдар» – ауызша ассоциация түрінде тәжіребиеде анықталатын, жеке бастың сана-сезімін сипаттайтын, индивидуалды мағыналардың жүйесі (М.А.Холодная, 2002). Карталы еске мысал келтірсек: 1784 ж – Сырымның Орал казак әскерлерімен кескілескен күресі Ор бекінісінің туңбінде болды. Бұл жерде кілт сезі Ор бекінісі.

- 1785 ж – Сырым бастаған топ Сахарная бекінісіне шабуыл жасайды
- 1786 ж – Орынборда шекаралық комиссия құрылады
- 1802 ж – Сырым Датұлы Хиуа хандығына өтіп қаза табады.

2. Салыстыру әдісі. Салыстыру әдісі – жаңа ақпаратты есте сақталатын ескі ақпаратпен байланыстыру немесе нақты ақпараттың әртүрлі элементтерін байланыстыру. Салыстыру әдісінің үш түрге бөліп көрсетуге болады:

- ✓ Математикалық бірізділік тәсілі
- ✓ Математикалық есептеу тәсілі
- ✓ Анықталған тәсілі

1. *Математикалық бірізділік тәсілі* – бұл әдіс сандық ақпараттың элементтерін бір-бірімен біріктіріп заңдылығын іздеу. Егер сандардың тізбегіне мұқият қараған кезде сандардың бірізділігін көруге болады өсу ретімен немесе кему ретімен, тақ немесе жұп, жай немесе құрделі. *Мысалы:* 1773–1775 жылы шаруалар соғысына жаппай қатысусы Нұралы бағытының әлсірегенін көрсетеді. 1796–1797 жылдардағы қысқы жұттың салдары көтерілістің қайта жандануына әкелді, көтерілістің үшінші кезеңі басталды. Көтерілістің басты талабы-жер мәселесі 1836–1838 ж. Ишкі ордадағы көтерілісте жалғасын тапты.

2. *Математикалық есептеу тәсілі* – бұл математикалық есептеу арқылы сандық мәліметтердің элементтерін біріктіру. *Мысалы:* Тесттік жүйеде Сырым Датұлы бастаған кіші жүз қазақтары бастаған көтеріліс болған аралық: 1783–1797 ж дұрыс жауабы. Егер окушы көтерілістің 14 жылға созылғанын біліп, хранологиясын білмесе $1797-1983=14$. Сырым Датұлының өмір сүрген уақытын көрсет? (1712–1802) Сырым батырдың 90 жасқа дейін өмір сүруін біліп, хранологиясын білмесе $1802-1712=90$. Бұл әдіс арқылы хандардың ел билеген жылдарын анықтауға болады. *Мысалы:* Кіші жүздің ханы Нұралы хан билігін басқарды. 1748–1786=38. Нұралының ұлы Есім хан өмір сүрген кезең. 1795–1797

3. Анықталған тәсілі – жаңа ақпаратты есте сақталатын ескі ақпаратпен байланыстыру немесе нақты ақпараттың әртүрлі элементтерін байланыстыру. *Мысалы*: тарихи даталардың мерзімін, көтеріліс басшыларының өмір сүрген жылдарын, сонымен қатар географиялық орындармен көтеріліс болған жерлердің атауын есте сақтауға болады. *Мысалы*: 1797жылы наурызда 17-сіндегі Сырым тобы хан сарайына тұтқыылдан шабуыл жасап Есім ханды өлтірді. *Өткен тарихи датамен салыстыру*. 1397 жылы Әмір Темір Қожа Ахмет Иессауи кесенесін салуға бұйрық берді. 1597 жылы Сібір хандығы Ресей құрамына кірді. Сырым батыр бастаған көтеріліс бастау алды. 1783 жылы. 1883 жылы Жетісү жеріне Шығыс Түркістаннан дүнгендерді қоныс аудару туралы жарлық қабылданды.

3. Эйдемикалық әдіс. Бұл әдіске анықтама бермес бұрын алдымен эйдемикалық сөзіне анықтама береміз. Эйдемикалық (гр. *eidos* – бейне) – бұрын қабылдаған заттар мен құбылыстарды обьекті көзден таса жағдайда да көріп тұрғандай қабылдайтын ерекше психологиялық құбылыс. Осындай қабылдаулар жайлы ілімді психологияда эйдемикалық, ал осы топқа жатағындарды эйдемиктер деп атайды. Эйдемикалық ес елестері мен көру түйсігіндегі ілеспе бейнерге ұқсас келеді. Бұлардың қай-қайсысында болсын, адам жоқ нәрсені көріп тұрғандай сөзінде және оны ұсақ-түйектеріне дейін нақты түйсіне алады.

Эйдемикалық әдіс – Л.С. Выготский анықтамасы бойынша даму барысында балалармен жасөспірімдердің субъективті көрнекілік бейнелерін есте сақтауды оқытатын бағыты. Эйдемикалық бұл – есте сақтаудың ерекше бір үлгісі. Эйдемикалық естің бейнелері сыртқы қоздырыштармен ішкі органдарды қозудың іс-әрекеттен кейінгі амалы нәтижесі. Эйдемикалық феноменің мәні адам көріністі бос экрандағы сөзді дәл мағынада көруге, көз алдына елестете отырып бейнелейді. Эйдемикалық әдісті екі тәсілге бөліп қарастыруға болады.[3]

- а) ой кескіні (метод мысленной прорисовки);
- в) көру кескіні (метод зрительной прорисовки).

1. *Көру кескіні* – бұл әдіс сол уақытта көрген бейнені көрініспен немесе затпен байланыстыру арқылы есте сақтау. Көз алдындағы бейнені шынайы бейнемен байланыстырып адам затты есіне сақтайды. Көру кескіні ұғымының есте сақтайтын датаның жобалап ойша суретін салып көз арқылы елестетіп сақтау.

2. *Ой кескіні* – бұл әдіс зат пен заттың бұйымдардың үлгілерін ойша ойлап шынайы үлгімен байланыстыру. Бұл әдістің алдыңғы әдістен айырмашылығы датаның санын ойша салып бір үлгімен байланыстырып есте сақтау. Салынған үлгі үлкен және анық болу қажет.

4. Тиімді қайталау

Қайталау – сөз әсерін, айттар ойды қүшайте тұсу үшін бір сөзді немесе сөз тіркесін бірнеше мәрте қайталарап қолдану тәсілі. Қайталаудың бірнеше түрі бар. Зерттеуші психолог ғалымдар қайталаудың бірнеше заңдылықтарын ашып көрсетті.

Тиімді қайталау – анықталған ақпарат көзін әртүрлі әдіс бойынша қайталау. Тиімді қайталаудың бірі ол ойша қайталау. Бірінші кезең бойынша: Оймен қайталау ассоциалық тізбектердің жиынтығы. Екінші кезең бойынша: ақпаратты еске түсіру арқылы қайталау жұмысын жүргізу. Бұл кезеңдегі қайталау басынан аяғына дейін жүргізіледі. *Мысалы*: Бақылау сұрағын мұғалім екі минуттің ішінде оқиды, сол сәтте оқушы бір минуттың ішінде қайталау қажет. 1. С. Датұлының қазақ әскерлерімен алғашқы ашық қақтығысы болды: 1783 жылы
2. 1783-1797 жылдары С. Датұлы бастаған көтерілістің қамтыған аймағы: Кіші жүз
3. С. Датұлы бастаған көтеріліс кезінде халықтың жағдайын нашарлатқан жұт болды: 1796-1797 жж.

2. *Рационалды (тиімді қайталау)* (И.А. Корсаковтың әдісі бойынша) Рационалды (тиімді қайталау) әдісін жүргізу екі үлкен топқа бөлінеді: интелектуалды жұмыс кезіндегі мағлұматты есте сақтау, мнемотехникалық әдістер кезінде терминдерді, нақты мерзімдерді қайталау.

Негізгі принциптері:

1. Тарихи датаны оқыған кезде бірден қайталау (мысалға 1802 ж Сырым Датұлы Хиуа жерінде қаза тапты).
2. Аз уақыттың ішінде қайталауды белгілі бір уақытқа ұзарту.
3. Ақпаратты қажетті аралықта жоғалтып алmas үшін бірнеше кормен ұстап, қайталауды жалғастыру қажет. *Мысалы*, С. Датұлының қазақ әскерлерімен алғашқы ашық қақтығысы

болды: 1783 жылы.

1783-1797 жылдары С. Датұлы бастаған көтерілістің қамтыған аймағы: Кіші жүз. С. Датұлы бастаған көтеріліс кезінде өлтірілген Кіші жүз ханы: Есім

С. Датұлы бастаған көтеріліс кезінде халықтың жағдайын қыындаған жүт болды: 1796-1797 жж.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтармен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шындауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» делінген. Бұл әдістердің тиімділігін анықтау үшін Қостанай қаласының Достық білім беру орталығында тексерілді. Достық білім беру орталығында оқушыларды тесттік жүйеге дайындау орталығы болғандықтан оқушыларға осы әдістердің ішінде көп қолданылған мнемотехникалық әдіс соның ішінде карталы ес немесе Mind Map тәсілі өте тиімді болды. Тестті кілт сөзбен есте сақтау оны картамен байланыстыру оқушылардың ой-өрісін дамытады. Салыстыру әдісі оқушылар жақсы түсініп қабылдады. Нәтижесінде екі әдіс тарихи даталарды есте сақтауда тиімділігі: Біріншіден: оқушы тарихи датаны есте сақтауда уақытты үнемдейді. Тарихи оқиғаны өткен оқиғалармен байланыстыра отырып есте сақтау тарих пәнін ауқымды түсінуге мүмкіндік береді. Жан-жақты, ой-өрісі дамыған оқушы қалыптасады. Тарих пәніне деген қызығушылық артып, тесттік жүйені тапсыруда нәтижесі жоғары деңгейде болады. Екіншіден: тарихи датаны әйдетикалық әдіс арқылы есте сақтаса оқушының тарих пәніне деген қызығушылығы артады, өзінің ұшқыр идеяларын нақты фактілерге сүйене отырып мұғалімге ұсына алады. Оқушы болған оқиғаны көз алдына елестете отырып болашаққа деген көзқарасы өзгереді. Өз еліне деген патриоттық сезімі оянып, тарих тұлғаларға еліктеп өз болмысын қалыптастырады. Үшіншіден: тарихи даталарды есіне сақтап қоймай болған көтерілістің аумағын, ауқымын, себебін, нәтижесін іздестіруге тырысады. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат – жан-жақты, білімді, өмір сүрге бейім, қындыққа мойынмайтын, өзіндік ой-талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту. Ертенгі еліміздің еңсесін тік ұстап, ел мерейін ұstem ететін бала деп сенім артатындықтан сапалы білімді, саналы азамат тәрбиелеу ісі – білім беру саласының еншісінде. Демек білімдендірудің ошағы – мектепте.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстан–2030» Республика халқына жолдауында айқындалған негізгі басым бағыттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін білім мазмұнын жаңартумен қатар оқытудың өзіндік жаңа жолын, жаңа технологиясын қалыптастыру – өмірдің талабы болып отыр, осыған сәйкес өз сабағымда тарихи даталарды түсіндіріп қана қоймай, оны есте сақтау жолдарын ұғындыру жолын ұсынамын. Төрт әдістің тарих пәнінде тарихи даталарды қолдануда тиімділігін баса айтқан жөн. Себебі оқушы тарихи датаны оқып ұғынып қана қоймай ұзағынан есте сақтау жолын түсіндіру.

Қазіргі білім беру технологиясында жаңа ақпараттық технологияның тарихи датаны есте сақтауда көмегі тимейтіні рас. Сондықтанда психологиялық әдістер арқылы баланың ой-өрісін дамыту зерттеудің өзегі болып тұр. Қоғамдық өмірде халқымыздың тарихының үлкен рөл атқаралының жөнінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» деген еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзак уақытқа мензеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Сондықтан, тарих пәнін жетік менгеру, әдіс-тәсілдерін жүйелі қолданып сабакты жүргізу болашақ тарихшы мамандарға артылар жүк болып отырғаны белгілі.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы 2015 ж. дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Республика ұстаздары», 24 қаңтар, 2004.

2 ҚР 2011–2020 ж арналған Мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.